

ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ

20 қараша 2022

ВЫБОРЫ ПРЕЗИДЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ВАЖЕН ГОЛОС КАЖДОГО!

Құрметті қарағандылықтар!

Сіздерді Ұлттық валюта күнімен құттықтаймыз. 1993 жылғы 15 қараша Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы маңызды күн болып табылады. Дәл осы күні ел Президентінің Жарлығымен Ұлттық валюта – теңге айналымға енгізілді. Ол мемлекеттік Тәуелсіздіктің басты рәміздерінің біріне айналды. Сол кезде ұлттық валютаны енгізу қазақстандық қаржы жүйесін құруға және ақша айналымын тұрақтандыруға ықпал етті. Бұл жұмыс Тәуелсіздігіміздің күрделі кезеңінде жүргізілді.

Ұлттық валютаны айналымға енгізу Қазақстан үшін экономиканы дамытудың жаңа кезеңіне жол ашып, нарықтық инфрақұрылымды құру жөніндегі жұмысты бастауға мүмкіндік берді. Ұлттық валютамыз халқымыздың игілігі үшін қызмет ете берсін!

Сондай-ақ, бұл күні қаржы жүйесінің қызметкерлері өздерінің кәсіби мерекелерін атап өтеді. Біз Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтай отырып, зор денсаулық, бақыт және ел игілігіне бағытталған жұмыстарыңызға табыс тілейміз!

Ж.ҚАСЫМБЕК,
Қарағанды облысының
әкімі
С.ӨТЕШОВ,
облыстық мәслихаттың
хатшысы

• БҮГІН – ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА КҮНІ

Тәуелсіздіктің бір тірегі – теңге

1993 жылдың шілдесінде Ресейде қаржы реформасы іске асты. Кеңестік рубльдің орнын жаңа рубль басты. Мәңгілік көрінген Одақтың күні батып, экономиканың құлдыраған шағы. Бұрынғы одақтас республикалардың барлығы өлместің күнін көріп отыр. Қазақстанның да кісіге күлер халі жоқ. Ал, көрші елдегі реформа «жығылғанға жұдырық» болды. «Сабан ақша» қазақ жеріне қарай ағылды...

Нұрқанат ҚАНАПИЯ,
«Ortalyq Qazaqstan»

1990 жылдың наурызынан Литва бастап, өзгесі қоштап, Балтық бойы, Кап тауы елдері бірінен соң бірі КСРО-мен қош айтысатынын мәлімдеді. Токсан бірдің қысы түскенше басқасы да еншісін алып үлгерді. Ақырын күткен біз едік...

Өртүрлі деңгейдегі сараптама түйіні «КСРО-ның ыдырауына жалған цифрге түзілген жоспарлы экономика, коррупция, мұнай бағасының төмендеуі және этникалық алауыздық негізгі себеп болды» дегенге саяды. Әлеуметтік саладағы қиындыққа қарамай, Ауғанстандағы соғысқа кіріскенде тіпті шатқаяқтап қалды. Жағдайдың ушыққаны сонша, қызыл әскердің соңғы солдатты ауған тауларын тастап шығардан үш ай бұрын Эстония тәуелсіздігін жариялады. Сөйтіп, ондаған жылдарға созылған әлеуметтік дағдарыс азуын айға білеген супердержаваның түбіне жетті.

Одақ құласа да, бір күнде шеке шылқыл шыға келмейтіні белгілі. Посткеңестік кеңістіктегі ахуал қиындай түсті. Оңаша жүріп, жол іздеуге кедергі көп. Бұрынғы одақтастар әлі де экономикалық тұрғыда матасып жатқан. Әсіресе, қаржы жүйесінің ортақтығы аяққа тұсау болды. Осы шақта әр ел өз валютасын жеделдетіп жолға қоюға асыққан-ды. Дербес ақшаң болмаса, тәуел-

сіздіктің құны көк тиын екені түсінікті еді.

Қазақстан да қарап отырған жоқ. Азаттықтың алғашқы жылынан-ақ қамданды. Дегенмен, Ресей рублінің айналымға бұрын шығуы ел экономикасын тұнғыққа батыра түсті. Бұл кезде кеңестік рубль Қазақстанмен қатар Тәжікстан мен Арменияда соңғы күндерін сүріп жатқан.

Ресейдегі реформадан соң «сабан ақша» ағысы бері бұрылды. Ауыздықтау мүмкін емес. Гиперинфляцияға әкелді. 1991 жылы 147, 1 пайыз деңгейінде тіркелген инфляция 1993 жылы 2165 пайызға жетті. Білік «тығырықтан шығар төте жол – ұлттық валютаны тездетіп енгізу» деп білді.

Тауық жылының қарашасында жаһандық қаржы жүйесінде жаңа валюта – теңге атауы таңбаланды. Және келесі жылғы экономикалық қорытындыдан біліктің болжамы дәл келгенін көреміз – 1994 жылы инфляция сәл төмендеп, 1158, 3 пайызды көрсетті. Ал, 1995 жылы 60, 3 пайызда тұрақтады.

15-18 қараша күндері айырбастау шаралары жүрді. 1 теңге – 500 рубльге бағаланды. Ал, АҚШ-тың 1 доллары 4,75 теңгеге тең болды.

Теңгенің айналымға ену тарихы туралы баспасөз құралдары 29 жыл үзбей

бүге-шігесін қалдырмай баяндап келеді. Біздің газетте де бірнеше мәрте тәптіштеп жаздық. Қосарымыз, Ұлттық банктің сол кездегі бірінші төрағасы Ғалым Байназаров бір естелігінде валюта атауы ұзақ талқыға түскенін еске алады.

– «Алтын», «ақша», «теңге» нұсқалары ұсынылды. «Сом» да қарастырылды. Өйткені, кеңестік рубль банкноттарында қазақшасы «сом» деп жазылатын. Бірақ, бізден бұрын Қырғыз Республикасы өз валюталарын солай атады. Қазақстандық валютаға «теңге» тандалды, – дейді қаржыгер. Бұл атауды академик Сауық Төкежанов ұсынған. Қаржыгердің айтуынша, теңге – көне түркі сөзі. Қазақ жеріндегі ортағасырлық қалаларда алтын мен күмістен құйылған монеталарды «танға» деп атаған.

Қалай десек те, жаңа теңгенің есеңгіреген экономиканы аяғына тік қойғаны – балталап өшіре алмас ақиқат.

Қазір теңгені төрткүл дүние таниды. Теңгенің артындағы экономиканың әлемде орны бар. Қазақстан тұрғанда теңге тұрады. Ал, теңге барда төрт құбыламыз түгел. Себебі, мемлекеттік қауіпсіздіктің қақырамас қалқаны – теңге. Тәуелсіздіктің бір тірегі – теңге.

Қолжазба жасаған Шығар Адамбаева

• ІШТЕ ПІКІР ІРКІЛМЕСІН

Тұлғаға таңдау түссе игі

Қайрат ӘБІЛДА

Бейбіт өмірдің парқын ұғына білуге тиіс ұрымтал кезеңде тұрғанымыз анық. Біз бомбалардың жарылысын, автоматтардың атқылағанын естіп жатқан жоқпыз. Бірақ, бәрін де жон арқамызбен сезініп отырмыз. Мамыражай мына ғасырда соғыс өрті тұтануы мүмкін емес дегенге сеніп келген едік, мұнымыз түбірімен қате болып шықты. Мың құбылған мына дүниеде бәріне де дайын болу керектігін уақыттың өзі көзге шұқып көрсетіп берді...

Дүние терезесі дүрдардықтың шытынып тұрғанда дипломатия атты дана ұғым ат ойнатып алдыңғы шепке шықты. Қарап тұрсақ, бұл дипломатия дегеніміздің өзі қазағымға жат емес екен. Ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен ұлы бабаларымыздың ұстанымы саясаттың бұл түріне келгенде ет тұраған өткір бәкідей лыпыған-ау. Солай деп даланың ауызша тарихы айтады.

Осындайда Қаздауысты Қазыбек би еске түседі. Ата жау қалмақтың қаһарлы ханының алдындағы «Қазақ деген мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз» деп басталатын атақты сөзі дала дипломатиясының биік шыңы емес пе еді?! Кемеңгер бабамыз сол сөзін: «Бітім берсең – жөніңді айт, бермесең – тұрысатын жеріңді айт!», деп аяқтаушы еді ғой. Сол сапарында алғашқы мүшелінен енді асқан Қаздауысты Қазыбек қызыл тілдің күшімен қалмақтың тұтқынынан қазақтың жақсы мен жайсаңын босатып әкелген жоқ па?

Міне, осы дипломатия дәуірінің қажеттілігі қайта оралды бүгінде. Тізеге салсаң тігісінен сөгілетін бүгінгінің аумалы-төкпелі заманында бұған арқа сүйемессек, жағдайымыздың әлдеқандай боларлығын да жақсы ұғынып отырымыз.

Иә, әр нәрсенің парқы салыстырғанда білінеді. Айналамызда болып жатқан айтыс-тартыстың, атыс-шабыстың түбіне үңілсеңіз, түсіністіктің топырағына дән салған дипломатияның жоқтығын аңдар едіңіз. Ал, қар жауған қабақты жібітетін, пиғылдың терістігін түзейтін, келісімге амалсыз көндіретін құдіретті сөз болған жерде әңгіме басқа.

Осы дипломатияның арқасында солтүстіктегі көршімізбен арадағы қарым-қатынасымыз құдайға тәубе дейтіндей дәрежеде. Ал шығыстағы шекараласымыз еліміздің егемендігін құрметтейтінін, оның ішкі ісіне араласқанға үзілді-кесілді қарсы болатынын айтып, жаһанға жария етті. Біле білген адамға мұндай кепілдік кім-көрінгенге беріле бермейді. Мұның бәрі дана дипломатияның, осы жолда даралық сипатқа ие болған қайраткер тұлға еңбегінің жемісі деп айтпасақта тағы болмайды.

Бес күннен кейін Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы. Бюллетенді жәшікке тастар алдында саналы сайлаушы жоғарыда айтқан сөздерге терең мән беріп, ертеңіне үміт сыйлаған еркін таңдау жасаса екен деп тілейсің. Яғни, «Отанымыз – бір, мемлекетіміз – бір, халқымыз – бір!» деген идея төңірегіне топтасып, жеті жылда елді игілікке жеткізуді асыл мұратына санаған саясат салтанат құрса, нұр үстіне нұр болар еді!

ҚАРАҒАНДЫ

• КӨКПАР



Ақ қарда көкпар тартысып

Жансая СӨРСЕНБАЙҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды шаһарының Оңтүстік-Шығыс ауданында Кеңесары Қасымұлының 220 жылдығына орай облыстық «Ұлттық ат спорты федерациясы» ҚБ-нің қолдауымен һәм белгілі кәсіпкер «Natige» ЖШС директоры Ерлан Әшімнің мұрындық болуымен көкпардан ересектер арасында облыстық біріншілік өтті. Сайыс сапында 9 команда өнер көрсетті. Олар – «Қарқаралы», «Тұран елі», «Бұқар жырау», «Изенді», «Нұра», «Балқантау», «Сарыбел», «Ақтоғай», «Шет» командалары. Үш күнге созылған тартысты дола көкпаршыларды ауа райының қолайсыздығына да қаратпады. Ойыншылар жанын салып, салым үстіне салым салып, жиылған жанкүйердің ықылас-батасын алды.

➡ 4-бетте

Баспасөз – 2023

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		6 ай 5848,50	5919,00
		12 ай 11697,00	11838,00
Жеке жазылушылар үшін	12 айға 4116	6 ай 3100,50	3111,00
		12 ай 6201,00	6222,00

25 қазаннан 25 қарашаға дейін жеңілдікті тарифтер (бір жылға жазылу шартымен)

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2023 жылға жазылу науқаны жүріп жатыр. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, Ермаков көшесі, 33-үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады.

Газетке 6 айға және бір жылға жазылуға болады.

Анықтама телефоны: 8 771 528 86 46, 8 702 656 70 61
E-mail: otela.pochtovyy@bk.ru

Санаты	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ каталогымен қала бойынша	«Қазпошта» АҚ каталогымен аудан/ауыл
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		10257,00	10470,00
Жеке жазылушылар үшін	3492	5577,00	5706,00

«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша 12 айға жазылу бағасы: Назар аударыңыз!
«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнынсыз) балама жазылу жүргізіледі.



КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ

Қарапайым кеншінің күрделі мәселесі қаралды



Мақсаты – қызметкерлер мен жұмыс берушілер арасындағы жеке еңбек дауларын шешу болып табылатын кеншілер ұжымдарының мәселелері жөніндегі келісу комиссиясының кезекті отырысы өтті. Толғандырған басты мәселе – кеншілердің зейнет жасын төмендету. Бұл үшін жиынға Еңбек және әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі Ақмәди Сарбасов шақырылған болатын.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыс әкімі Жәніс Қасымбек қатысқан кезекті отырыста «АрселорМиттал Теміртау» АҚ Көмір департаментінің еңбек ұжымдары кеншілер атынан сұрақтар қойды.

– Келісім комиссиясы жыл бойы жұмыс істейді. Ілгерілеу бар. Бірақ, әлі шешімін таппаған бірқатар жүйелік мәселелер жеткілікті. Өткен отырыста біз нормативтік сан, кадрлардың ауысуы, жабдыктарды жаңарту мәселелерін талқыладық. Әрине, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету шаралары бірінші орынға шығады, – деді Жәніс Қасымбек.

Кеншілердің базынасын жеткізген «Қорғау» көмір өндірушілер кәсіподағының төрағасы Евгений Буслаев алты мәселені ортаға салды. Олардың қатарында жалақыны көтеру, 13-ші жалақы төлеу, еңбек қауіпсіздігін арттыру жөніндегі шараларды толық қамтамасыз ету, кәсіптік аурулардың алдын алуды және қызметкерлерді сауықтыру жүйесін жақсарту.

Ал, кеншілер көтерген басты мәселе – зейнет жасын төмендету мәселесі бойынша Ақмәди Сарбасов түсініктеме беріп, ведомстваралық комиссия жұмысын жалғастыруда

екенін айтты.

– Халықаралық тәжірибені зерттедік. Бірнеше нұсқалар қарастырылуда. Оның ішінде арнайы қосымша ақыларды енгізу де талқылануда. Сондай-ақ, мемлекетпен қатар жұмыс беруші де міндеттеме алуы тиіс, – дейді бірінші вице-министр. Ақмәди Сарбасов кейінірек нақты сызба ұсынылады деп те уәде етіп отыр.

Отырыста өзге де мәселелер талқыланып отыр. Шешімі – алдағы күннің еншісінде.

Суретті түсірген
Еркебұлан ХАДЫЛБЕК

САЙЛАУ – 2022

Жаңа дәуірдің жаршысы

Қазір қоғам күрт өзгерді. Саяси көзқарас – сауатты әрі сергек. Заңдарымыз халық мүддесіне қарай ыңғайланды. Бұл сайлау да – біздің қоғамымыз бен мемлекетіміздің өзгеру кезеңдерінің бірі. Осы құбылыстардың барлығы әлеуметтік желілердегі адамдардың мінез-құлқында, саяси және қоғам қайраткерлерінің белсенді позициясымен көрініс беруде. 30 жыл ішінде жинақталған сандаған мәселе қазір ашық талқылануда. Енді оларды жедел шешу қажет.

Әлем дидары көңілсіз халде. Айналамыздағы геосаяси ахуал біздің әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайымызға әсер етуде. Өйткені, бірқатар көрші

мемлекеттердегі қақтығыстар, санкциялық әрекеттер, коммуникациялар мен логистиканың үзілуі халықаралық экономикалық байланыстарды күрт тежейді.

Бүгінгі адамдар биліктен де, оппозициядан да «алақайлап» келген бастаманы бірден құптамайды. Осындай күрделі кезеңде біз алдымен өзіміз үшін тағдыр шешті шешім қабылдағанымыз абзал. Уақыт жоқ. Әрқайсымыз сайлауға қатысуымыз қажет. Өйткені, сіздің даусыңыз еліміздің ертеңіне әсер етеді және бұл сайлау жаңа дәуірдің жаршысы болатыны анық.

Зара ШАЛАБАЕВА,
Қарағанды қалалық мәслихатының депутаты

ҚУАТТЫ ӨҢІРЛЕР – ЕЛ ДАМУЫНЫҢ ДРАЙВЕРІ

«Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағындағы кәсіпорындардың импортты алмастырып, жана экспорт бағыттарын ашудағы бәсі басым. Мұнда Қазақстанның өзге өңірінде жоқ өндіріс ошақтары жұмыс істеп тұр. Мәселен, аймақта орналасқан кәсіпорындардың бірі геомембрана өндіріс, екіншісі кен уату фабрикаларындағы диірмен үшін қаптамалар (футеровка) шығарады. Бұрын шет мемлекеттерден тасымалданып келген-ді. Сапасы шетелдік өнімнен кем түспейтін тауарға отандық тұтынушыдан сұраныс жоғары.

Нұрқанат ҚАНАПИЯ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Сарыарқа» АЭА құрылғанына он жылдан асты. Аймақта металлургия өнеркәсібін және металл өңдеу саласын дамытуға күш салынууда.

– Бұл бағытта инвестицияға қолайлы жағдай жасау, қазақстандық өндірісті жаһандық жүйеге интеграциялау, бәсекеге қабілетті өнеркәсіп құру жұмыстары жүргізілуде. Жалпы ауданы – 948 гектар. 108,8 млрд. теңге қаржы құйылды. Өнім сомасы 150,4 млрд. теңгеге жетті. Сондай-ақ, 742 адам еңбекпен қамтылды. Бюджетке 16 млрд. теңге салық түсті, – дейді АЭА төрағасының орынбасары Иван Игнатушенко.

Қазіргі уақытта 21 қатысушы тіркеліп үлгерді. 12 кәсіпорын жақын жылдары жұмысын бастамақ. Ал, 9 жоба жүзеге асты. Бүгінде «Бемер Арматура», «ИзоПлюс Центральная Азия», «Seven Refractories Asia», «Recycling Company»,



«Термо Форм», «Steel Manufacturing», «Polymet Solutions Corporation» және «Altyn Arna Geosynthetics» серіктестіктері өндіріс саласы үшін өнім шығаруды жолға қойды. Біз соңғы екеуіне ат басын тіредік.

«POLYMET Solutions Corporation» ЖШС резеңке-металл қаптамалар зауытын канадалық компаниядан сатып алды. Аталған компания Қазақстан, Ресей, Монғолия нарығында жиырма жылдан астам уақыт жұмыс істеген.

2012 жылы серіктестік Беларусь, Украина, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Армения, Грузия, Қытай, Иран нарықтарына шықты.

2020 жылы серіктестік арнайы экономикалық аймақта резеңке-металл қаптамалар өндірісін жолға қойды. 2,4 млрд. теңге инвестиция тартылды.

Зауыт ауданы – 4,5 мың шаршы метр.



Технология Германия, Италия, АҚШ-тың үздік брендтерінің жабдықтарымен жасалған.

Өндірісте Солтүстік Америкадан әкелінген резеңке пайдаланылады. Қаптамалар көлемі де әртүрлі. Диірмендердің диаметріне қарай, 1,5 метрден бастап, 12,5 метрге дейінгі бұйымдарды әзірлейді.

Бұл қаптамалар «НКМЗ» ЖАҚ, «Орал-Маш» ЖАҚ, «ТяжМаш» АҚ, Outotec, METSO, Polysius – THYSSSEN KRUPP, FL SMITH сынды өндірушілердің диірмендерінде қолданылады.

– Кәсіпорын жылына 400 тонна резеңке-техникалық бұйымдар өндіреді. Негізгі желіміз – резеңке және резеңке-металл

ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАСЫНА – 29 ЖЫЛ

15 қарашада Қазақстан ұлттық валютасы – теңгенің айналымға енгізілгеніне 29 жыл толады. Бұл егеменді мемлекет құру жолындағы маңызды қадам болды. Дәл сол күні біздің елімізде қаржыгерлердің кәсібі мерекесі атап өтіледі.

Барлық уақытта валюта және меншікті банктік-қаржылық жүйе тәуелсіздіктің маңызды атрибуттары болды.

Теңгені енгізу өте күрделі операция болды, оған дайындық 1991 жылы басталды. Қазақстанда ұлттық валютаны әзірлеу қысқа мерзім – бір жыл ішінде жүзеге асырылды.

1993 жыл Қазақстан экономикасы тарихындағы ең ауыр жылдардың бірі болды. ҚСРО ыдырағаннан кейін Кеңес рублі тез құнсыздана бастады. Өнімдер мен тауарлардың бағасы ондаған есе өсті. Бұрынғы Кеңес республикаларында қолма-қол ақша жетіспеді. Бұл жағдай гиперинфляция мен адамдардың өмір сүру деңгейінің төмендеуіне әкелді.

«Айналымға теңгенің енгізілуі – Ұлттық қаржы жүйесін құруға, экономиканы ақшамен қанықтыруға, кеңестік экономикалық байланыстардың ыдырауынан туындаған өндірістің құлдырауын еңсеруге, Қазақстанға ұлттық нарықтық инфрақұрылымды құру бойынша алғаш қадамдар жасауға және тұрақтанып өсуге мүмкіндік берді», – деп ҚР ҰБ Қарағанды филиалының директоры Газиз Шегенов атап өтті.

Алғашқы қазақстандық банкноттардың дизайнерлерінің алдында күрделі міндет тұрды: бір жағынан, Қазақстанның ұлттық бірегейлігін көрсететін эстетикалық және әдемі купюралар жасау, екінші жағынан, олар полиграфия және әртүрлі қорғаныс дәрежелерінің болуы тұрғысынан тиімді болуы тиіс еді.

1993 жылы Алматы қаласында Банкнот фабрикасының құрылысы басталды. Фабрика «Гидромаш» зауытының базасында ашылды, ал, жабдықты британдық «De La Rue» компаниясы жеткізді.

Алғашқы банкноттарды Англияда «Harrison & Sons» фирмасы басып шығарды, ол Қазақстаннан осы тиімді және қызықты тапсырысты алды, нәтижесінде Ұлыбритания патшайымының Алтын белгісімен марапатталды.

Бүгінгі таңда алынған тәжіри-

бе мен көпжылдық практиканың арқасында Банкнот фабрикасында барлық әлемдік сапа мен технология стандарттарына сәйкес келетін өзінің полиграфиялық базасында банкноттар шығаруы толығымен қалыптасқан.

Жана банкноттардың дизайны мен қорғаныш белгілерінде полиграфияның күрделі элементтерін өндіру бойынша халықаралық тәжірибеде пайдаланатын басып шығару саласындағы соңғы жетістіктер қолданылады, атап айтқанда: бейнелердің бедерлігі, бояулардың металл жылтырлығы, сандардың әртүрлі биіктігі, күрделі су белгісі, қағаздың жоғары деңгейдегі қауіпсіздігі, банкноттың бет және сырт жақтарының бояу үйлесімінің келісімділігі.

Қазақстандық ақша – планетадағы ең әдемі ақшалардың бірі. Қазақстандық банкноттардың естелік тираждары халықаралық банкноттар қоғамдастығының (IBNS) болжамы бойынша бірнеше рет әлемдегі ең әдемі деп танылды.

Теңге үш рет әлемдегі ең үздік валюта деп: республика Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай шығарылған 10 000 теңгелік купюра – 2011 жылы шығарылған ең үздік жана банкнот ретінде; 5 000 теңгелік купюра – 2012 жылғы ең үздік жана банкнот ретінде; Түркі жазуына арналған 1 000 теңгелік «КҮЛТЕГІН» купюрасы 2013 жылдың үздік банкноты ретінде танылды.

«20 000 теңге номиналды банкнот та 2016 жылы «High Security Printing Europe» конференциясында марапатқа ие болды. 2015 жылдың үздік аумақтық банкнот атанды», – деп Газиз Шегенов мәлімдеді.

Қазақстан теңге сарайы 1992 жылы Өскемен қаласындағы Үлбі металлургия зауытының базасында құрылды.

Алғашқы қазақстандық ескерткіш монета 1995 жылы Абайдың туғанына 150 жыл толуына орай шығарылды. Ол Австрия монета сарайында соғылды, өйткені сол жылы біздің елде ондай жабдық болған жоқ.

Айналымдағы монеталардың алғашқы өнеркәсіптік партиясы Қазақстанның теңге сарайында 1998 жылы қарашада шығарылды. Кәсіпорын ұлттық банкінің түсті металдардан, алтыннан және күмістен ұлттық монеталарын шығаруға тапсырыстарын орын-

дайды.

Қазіргі уақытта қазақстандық теңге сарайы естелік және мерейтойлық монеталарды асқан шеберлікпен орындауына қол жеткізді. Айдында шағылысу дәрежесі бойынша қазақстандық монеталар әлемдегі ең үздіктердің бірі болып танылады. Жалпы алғанда, теңге сарайының өнімдері Польша, Австрия, Канада және Австралиямен қатар әлемдегі алғашқы бестікке кіреді.

2017 жылы бойтұмар салуға болатын үш қырлы қаптамасы түрінде орындалған күміс монета шықты. 2013 жылы «Республика қазынасы» сериясында «Алма отаны» монетасы шығарылды. 2009 жылы нағыз гауһар тастан салынған көзді алтын жолбарысы бар монета өзге елдеріндегі 50 монета сарайы директорларының дауыс беруі бойынша жүлде алды.

«Теңге сарайы мемлекеттік наградалар мен медальдар шығаруымен айналысады, сондай-ақ, Беларусь, Тәжікстан және Қырғызстан үшін монеталар жасап шығарады», – деді филиал директоры.

Қазақстан – ғарыш өнеркәсібінде белсенді қолданылатын құнды металл – танталдан монета шығарған әлемдегі жалғыз ел. Танталдан жасалған монеталар сериясы ғарышқа арналған. Үлбі комбинатында танталға түрлі түс берудің ерекше технологиясын игерді. Ғарыштық монеталар сериясы көптеген халықаралық марапаттауға ие болды.

Банкнот және монеталармен қатар Ұлттық банк инвестициялық және коллекциялық монеталарын да шығарады. Инвестициялық монеталар асыл металдардан жасалған. Олар күмістен де алтыннан да соғылады. Коллекциялық және инвестициялық монеталар атаулы құны бойынша заңды төлем құралы болып табылады, алайда, олардың негізгі мақсаты – мәдени-ағартушылық және инвестициялық. Олар қатаң шектеулі тиражбен шығарылады және Қазақстан аумағы мен шетелде коллекциялық бағамен сатылуға арналған.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қарағанды филиалының ұжымы барлық қазақстандықтарды Ұлттық валюта күнімен құттықтайды және зор денсаулық, бақыт, қаржыда ырыс пен өркендеуді тілейді.

Суреттерді түсірген
Еркебұлан ХАДЫЛБЕК

Құттықтаймыз!

Әкеміз Мағауия Медетбекұлы САТЫБАЛДИНДЫ асқаралы 80 жасымен және отбасылық 60 жылдық мерейтойымен құттықтаймыз!

Асқар таудай тұлғаныз көкті тілген,
Осы өмірге өзіңіздей бізге келген.
Дүниеге мынау шіркін аяқ басқан,
Сіздей-ақ болар шіркін Әке деген.

Адамзатқа кендігіндей тұғырыңды,
Тік көтердің таудай ғып ғұмырыңды.
Шет өңірінде алқынбастан ел басқардың
Ұлы таудай биік етіп тұғырыңды.

Сан ұрпақпен өтсе-дағы күндер неше,
Халыққа нұрын шашқан беріп, кесе.
Тік тұрып, кеуде керіп, мақтанамын,
Біреу мені Мақанның ұл-қызы десе!

Көзімде тұрғанда күн өмір дейтін,
Анашыммен жайдары сіздің күлкің,
Арманым болмас еді бұл өмірде
Сіздердей-ақ кешсем осы өмірімді.

Ұрпаққа үлгі мынау жыл белесің,
Өзіңдей Әке,
Мен үшін жан жоқ сізге теңесетін.
Мәуелі бәйтеректей, тамыр жайып,
Ғасыр жаса,
Асқар таудай өз Әкешім!

Аса құрметті әкеміз және аяулы анамыз!

Әке Сіздің сексеннің сенгіріне еселі еңбегіңізбен, қажырлы қайратыңызбен, ел-жұртқа сыйлы абырой-беделіңізбен ат басын тіреген пағыңыз 60 жылдық отбасылық тоймен тұспа-тұс келуде. Қос мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз! Ерен еңбегіңіз ақталып, ел-жұртқа сыйлы, біздің мақтанымыз, қасыңызда анамыз серігіңіз болып, Алла қуат беріп, ұрпағыңызбен қуанып, аман-есен жүре беріңіздер.

Қадірлі асқар таудай әкеміз Мағауия Сатыбалдыұлына, аяулы анамыз Рысжанға перзенттік пәрызбен балалары мен немерелері атынап.



№766

После смерти Раймбекова Адилхана Абижановича умершего 07.06.2022 открыто наследственное дело, всем заинтересованным лицам обращаться к нотариусу Курган Светлане Анатольевне по адресу город Караганда, пр. Бухар жырау, 11. тел: 42-67-86.

№772

Арқаның самалындай аңқылдаған

(Асыл азамат Ғабдрахман Игілікұлының рухына)

Кеттің бе мәңгілікке сен де бауыр,
Бұл қаза қайғыдан да шерден ауыр.
Бізді де тал бесікте тербетіп ед,
Игілік Омаровты берген ауыл.

Белгілі азамат ең елге сырың,
Айналар естелікке енді есімін.
Арқаның самалындай аңқылдаған,
Бақұл бол, айналайын, Ғабдеш інім.

Тұлпардың сен де қарғам тұғырысың,
Бұлақтың бастауында тұнығысың.
Жүректен ақ сәуленді төгетұғын,
Түлеткен Түтіскеннің бір ұлысың.

Арман бар арайланған артыңдағы,
Сағынып еске аламыз ол күнді әлі.
Жабырқап Жаңаарқаның жазирасы,
Тербеліп Тоқырауын толқындары.

Біледі ел жүрегiңнің оты барын,
Ән салсаң кезуші едің тоты бағын.
Жаратқан жолдарыңды жарық еткей
Бір уыс осы болсын топырағым!

Ғалым ЖАЙЛЫБАЙ



Қарағанды қ. Октябрь аудандық соты Қарағанды қ., 721 шақырым к-сі, 1-үй, 2-пәтер мекенжайындағы Гүлнар Сайлауқызы Хаметованың өтініші негізінде Қарағанды қ., 721 шақырым көшесі, 1-үй, 2-пәтер тұрғыны 1970 жылы туған Серік Насуханұлы Хаметовты хабар-ошарсыз кетті деп тану туралы іс қозғалды.

Серік Насуханұлы Хаметовтің тұрғылықты жері туралы хабардар адамдар Қарағанды қаласының Октябрь аудандық сотына жарияланым баспасөз бетіне шыққан күннен бастап 3 ай мерзімде хабарласуын сұраймыз.

№768

Электрондық пошта: ortalyk.kaz@mail.ru

● ЖӘРМЕҢКЕ

Қарағандылықтар қарық болды. Нағыз соғымның шағында облыс орталығындағы «Глобал Сити» сауда алаңында өткен жәрмеңкеде ел малды бүтіндей сатып алып жатты. Сапасы көңілге қонымды, бағасын қалта көтереді. Жәрмеңкеге 7 аудан мен Қарағанды, Теміртау, Шахтинск қалаларының ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері мен қайта өңдеу кәсіпорындары қатысты.

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сауда таңсәріден қызып, әр саутышының алдында ұзын-сонар кезек көрініс тапты. Ауылдан артынып-тартынып келген тауар өндірушілер тұтынушыларға қолайлы баға ұсынды. Қалтаны қақпайтын, шығынды ақтайтын сауданың көрігі қызған.

Жәрмеңкеге келген жұрт өңменнен өткен күздің қара суығына да қарар емес. Талғамына қарай тандап, керегін алуда. Саудаланған өнімнен



саудаласқан халық көп. Қыстың қытымыр болатынын ескерсе керек, қазының елісіне, еттің майына қарап сатып алып жатқандар қарасы қалың. Пияз бен сәбіз, қырыққабат та қап-қабымен кетіп жатыр.

Жылқы қазысы – 3500 тенге, сиыр еті – 2000 тенге, құс еті – 1000-2700 тенгеден саудаланды. Халық сұранысына ие болған жұмыртқа санатына қарай 250-370 тенгеден, сарымай – 4000 тенге, картоп – 100 тенге, сәбіз бен қырыққабат – 80 тенге. Нарықтағы бағадан 10-15%-ға төмен.

Жәрмеңкеде барлығы 384 тонна өнім сатылды. Оның ішінде, 59 тонна ет, 220 тонна картоп, 50 тонна көкөніс, 17 тонна сүт өнімдері, 7 тонна балық және балық өнімдері, 150 мың дана тауық жұмыртқа сатылды.

Бұл – қырыққабаттың «Слава» сорты. 6 тонна әкелдік. Бірінші көліктегі өнім таусылуға айналды. Келісі – 80 тенгеден. Өтімі жақсы, – дейді Бұқар жырау ауданы, Үштіөбе ауылының тұрғыны Төлеген Мелдебеков.

Әлеуметтік маңызы бар өнімдер төмендетілген бағамен сатылып

жатқандықтан, қала халқынан сұраныс бар. Әрі бұл халық тұтынатын негізгі тауарлар бағасын ұстап тұруға, яғни бағаны тұрақтандыруға ықпал етеді.

Жәрмеңкенің боларын естіп, азаннан келдім. «Қыс шанаңды жаз сайла» дейтін халықпыз. Бағасы дүкен сөрелеріндегі тауар бағасынан әлдеқайда төмен. Әр өткен жәрмеңкесіне келіп, біраз қысқы азықты жинап алдым. Тек, сүт өнімдері, оның ішінде сары май мен құрттың бағасы қымбаттау. Әйтсе де бұған да рахмет, – дейді көк дорбасын қомпайтып алып, аялдамаға асыға басып бара жатқан Сарқыт Баймолдина.

Күзгі жәрмеңкенің қызығы – саудасында ғана емес, молшылығы мен берекесінде. Қала дала дастарқанынан дәм татып, ауыл көшіп келгендей мәре-сәре болды да қалды. Осымен, қала халқын ауыл шаруашылығы өнімдерімен қамтамасыз еткен күзгі жәрмеңкенің маусымы аяқталды.

Суретті түсірген
Еркебұлан ХАДЫЛБЕК

Қабдырахман Әбікенұлы ӘБІКЕНОВ

2022 жылдың 11 қараша күні ұстаздардың ұстазы, талай ұстазды тәрбиелеп, еліміздің орта арнаулы білім беру саласының дамуына өлшеусіз үлес қосқан ардагер ұстаз, Саран қаласының Құрметті азаматы, Қазақ КСР-нің және КСРО-ның үздік мұғалімі, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі, тыл ардагері – Қабдырахман Әбікенұлы Әбікенов дүниеден озды.

Қабдырахман Әбікенұлы 1930 жылы 23 ақпанда Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Бесоба ауылында дүниеге келген.

1945 жылы Қарқаралыдағы педагогикалық техникумға (қазіргі Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледжі) оқуға түсіп, оны үздік бағамен бітірген. Педагогикалық училищеде оқыған жылдары кәсіби тұрғыдан таңдау жасаған Қабдырахман Әбікенұлы 1947-1949 жылдары Қарағандыдағы мұғалімдер институтында оқып, «Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі» мамандығын алады.

1950 жылдан бастап, бүкіл ғұмырымен біте қайнасқан өнегелі ұстаздық қызметі әуелі № 6 Жезқазған орта мектебінде қазақ тілі мұғалімінен басталып, Жезді ауданындағы Марганец селосында, одан әрі Павлодар облысының Май ауданындағы «Қызыл еңбек» деп аталатын орта мектепте жалғасын табады.

Қабдырахман Әбікенұлы 1951 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің биология факультетіне оқуға түседі, 1956 жылы ойдағыдай аяқтап, Саран қаласына орын тепкен педучилищеге мұғалімдік қызметке орналасады.

Оқытушы, бөлім меңгерушісі, директордың орынбасары ретінде барлық кадрлық сатылардан өткеннен кейін Қабдырахман Әбікенұлы 1976 жылы оқу орнының директоры қызметіне тағайындалды және 20 жыл бойы аталған білім ордасын басқарды.

Қабдырахман Әбікенұлы басшылық еткен жылдары училище толағай табыстарға жетіп, 1972 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрмет грамотасымен, 1981 жылы социалистік жрыста Кеңес Одағындағы 480 педагогикалық училище арасында бірінші орынға шығып, КСРО Оқу-ағарту министрлігінің ауыспалы Қызыл туын жеңіп алды. Ұлағатты ұстаз, іскер де байсалды басшының атқарған ұлан-ғайыр еңбегі әрқашан да әділ бағаланып отырды. Қазақ КСР және КСРО «Ағарту ісінің үздігі» белгілерімен марапатталған Қабдырахман Әбікенұлына 1980 жылы «Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі» деген құрметті атақ берілді. Осы жылдар ішінде ол бірнеше рет Саран қалалық кеңесіне депутат болып сайланды. 1996 жылы Саран қаласының Құрметті азаматы атағын иеленді. Зейнетке шыққан шағында да Қабдырахман Әбікенұлының өнегелі істері кейінгі буынға үлгі болып, ұлағатты ардагер ұстаз 2015 жылы Қарағанды облысы әкімінің білім беру саласына тағайындалған «Білім беру саласының дамуына қосқан үлесі үшін» номинациясымен марапатталды.

Қабдырахман Әбікенұлы тек білікті басшы ғана емес, биология, тіл, тарих, әдебиет, психология және педагогика ғылымдарынан хабардар, жан-жақты тұлға.

Қабдырахман Әбікенұлы – елге танымал азамат. Оның абырой-беделі асқақ, ұлы құрметке ие. Қатарластары мен әріптестерінің, шәкірттерінің ұстаз-аға туралы пікірлері бір арнаға тоғысады – өмірі өнегеге толы, үлкен жүректі адам.

Саран қаласының даңқты шежіресіне есімі алтын әріптермен жазылған ұстаз, құрметті жерлесіміз Қабдырахман Әбікенұлы Әбікенов туралы естелік біздің жүрегімізде мәңгі қалады.

Қарағанды облысының білім басқармасы, «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің Қарағанды облыстық ұйымы» қоғамдық бірлестігі, Саран қаласының әкімдігі, Саран қалалық мәслихаты, қала жұртшылығы, Саран қалалық ардагерлер кеңесі, А.Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледжінің педагогикалық ұжымы, түлектері мен студенттері туған-туыстары мен отбасына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

№286

Қарағанды облысының әкімдігі «Қарағанды облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Темірхан Серікбайұлы Абылаевқа орны толмас ауыр қаза әкесі

Серікбай АБЫЛАЕВТЫҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

● БАЙҚАУ

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағандыдағы Кеншілер мәдениет сарайында облыстың аудандары мен қалаларының «Сарыарқа әуендері» халық шығармашылығының облыстық байқауының гала-концерті және марапаттау рәсімі өтті. Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының ұйымдастыруымен өткен байқауға 7 аудан мен 5 қаладан өтініш түскен.

Байқау қазақ халқының мәдени-мұрасын насихаттап, жаңа таланттарды анықтау мақсатында ұйымдастырылған. Сондай-ақ, көркемөнерпаздар ұжымдарының орындаушылық шеберлігін арттырып, репертуары мен сахна киімін жаңартуға бағытталған.

Қарағанды – өнер тұнған өлке. Дарынды да талантты жандар бар. Сондай жандар көрінбей қалып жатады. Сондықтан, осы байқауды ұйымдастырдық. Жыл бойы таланттарды іздеп, қорытынды кеште



гала-концертке шығардық. Мақсатымыз – осы, – деді облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Нелдібаев.

Байқау қорытындысы бойынша Бас жүлдеге Бұқар жырау ауданы-

ның өнерпаздары лайық деп танылды. І орынды Осакаров ауданы мен Теміртау қаласының өнерпаздары иеленді.

Аудан бойынша 35 мәдениет ошағы бар. Әуелі солардың арасында аудандық байқау өткізіп, ұл-

кен концертке жүзден жүйріктерді тандап алдық. Аудандық кезеңде этномәдени бірлестікте киіз үйлер тігіліп, әрқайсысында түрлі тарихи бағыттағы қойылым қойылды. Тарихи қойылымның басы сонау жылдардан бастап, соңы «Тәуелсіздік таңы атты» деп аталатын

көрмемен түйінделді. Сол уақытта 46 нөмір ұсынылған. Солардың ішінен 4 нөмірді іріктеп, гала-концертке шығарып отырмыз. Үлкен концертке дайындық екі ай бұрын басталды. Тынымсыз еңбек пен табандылықтың, төккен тердің нәтижесінде Бас жүлдені иелендік. Бұл –



біз үшін үлкен мәртебе, – деді Бұқар жырау аудандық мәдениет үйінің әдістемелік бөлімінің меңгерушісі, сахналық сценарий авторы Зауре Төлеубаева.

Бұл концерт – жылдық жоспарымыздың қорытындысы. Осакаров – көп ұлт шоғырланған аудан. Бүгінде 56 этнос өкілі тұрады. Қазір аудандық мәдени-сауық орталығында 6 этномәдени бірлестік, 28 мәдени ошақ бар. Осының бәрі жыл бойы өнер көрсетті. Солардың ішінен үздігін таңдадық. Әрине, өнерпаздардың бәрі бірінен-бірі өтеді. Оларды бір-бірінен бөле-жарып қарау мүмкін емес. Талай республикалық, халықаралық байқаулардан топ жарып жүрген жүйріктер. Бізді І орынға лайық деп тану – жылдар бойы төккен тердің, еңбектің бағаланғаны, – деді аудандық мәдени-сауық орталығының басшысы Гүлжан Елубаева.

II орынды Нұра, Ақтоғай аудандары мен Қарағанды, Саран қалаларының өнерпаздары өзара бөлісті. Ал, Абай, Шет, Қарқаралы аудандары мен Шахтинск, Балқаш қалаларының өнерпаздары III орыннан көрінді.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО



● ӨЛЕҢ!

Өмір

Біреуге қолымды бердім,
Ұттым деп ойлады...
Біреуге жолымды бердім,
Жұттым деп ойлады...

Біреуге ақылды бердім,
Айла деп ойлады...
Біреуге ақымды бердім,
Пайда деп ойлады...

Біреуге сырымды бердім,
Сынды деп ойлады...
Біреуге жырымды бердім,
Жынды деп ойлады...

Біреуге мейірлі бердім,
Жұмсақ деп ойлады...
Біреуге пейілді бердім,
Ынсап деп ойлады...

Біреуге жанымды бердім,
Жансыз деп ойлады...
Біреуге барымды бердім,
Мәнсіз деп ойлады...

Біреуге көңілді бердім,
Ойнадың деді...
Мен сондай өмірді көрдім,
Ойладым нені?!..

Әсет АМАНЖОЛ

● БӘРЕКЕЛДІ!

Жас өскіндер жүлдемен оралды

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ташкентте жасөспірімдер арасында өткен Халықаралық пәндік олимпиадаға қатысқан Қарағандыдағы «Дарын» мамандандырылған мектебінің 5-9-сынып оқушылары жүлдемен оралды.



Зияткерлік жарыска Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан және Түркия елінен 120-дан астам қатысушы өтініш берген. Олар ағылшын тілі, математика, өнер және мәдениет бағытында білімдерін көрсетті. Облыстың атынан қатысқан Артур Абдрахманов, Мансур Құлженов пен Алдияр Марат математика пәнінен сынаға түсіп, ІІІ орын иеленді. Ал, Айлин Талғат ағылшын тілінен ІІ орын алды.

– Балаларды олимпиадаға мектеп мұғалімдері дайындады. Оқушылар жоғары білім деңгейін көрсете білді. Жарыс жоғары деңгейде өтті. Олимпиададан бөлек, еуропалық мектептерді, колледж бен университеттерін таныстырып, Самарқандқа саяхат жасадық, – деді химия пәнінің мұғалімі Сәліман Шибаева.



(Соңы. Басы 1-бетте)

Көкпар ойыншыларының күн санап қатары артуда. Тек саны ғана емес, сапалы ойыншылар сап түзеуде. Оған дәлел – ақтоғайлық Айбар Мәни палуан. 2002 жылғы жас палуан – бүгінде Қарағанды облысының «Тұран елі» көкпар командасының шабуылшысы. Осынау Хан Кененің мерейтойында туған өлкесі Ақтоғай ауданы атынан шықты. Өнеріне ел сүйіне, ер күйіне қарады десек, артық, яки, айып емес. Айбар палуан астына мінген «Айқасқасымен» көк серке тақымда, тізгіні қарында, таудан аққан тас бұлақша қарсыласқа қақтырмай бірнеше мәрте салым салғанына жиылған жұрт куә. Бұл алғашқы ойындардың бірі – «Ізенді» командасы мен «Ақтоғайдың» арасындағы тартыс еді. Айбардай ойыншысы бар «Ақтоғай» командасы ақыры 7:2 есебімен алға шықты.

Осылай алаңға шыққан 9 команда өзара бір-бірімен ойнап, үшінші күні ақтық сынға түсті. Қарсыластарын ойсырата жеңген «Қарқаралы», «Нұра», «Ақтоғай», «Тұран елі» командалары финалдағы долада барын салды. Бұл сында үздік өнер көрсетіп, ел назарына іліккендер қатарында «Нұра» командасының ойыншылары – Дамир Қали, Рүстем Болатов, «Қарқаралы» командасынан Жанай Төкенов, «Ақтоғай» командасынан Айбар Мәни мен Айбол Оспановтар ақшалай сыйлықпен марапатталды.

Расында, көрермен қарасы аз болса да жанкүйерлер әсерлі доданың қызығымен күннің қалай батқанын да байқамай қалғандай. Ақтық сында ақ қар, көк мұзға қарамастан көк серкенің көк етін сөге тартып, көкпар ойынына жан бітірген қос команда – «Қарқаралы» мен «Нұраның» кездесуі ауыз тыймай, айыл жимай айтарлықтай-ақ болды. Жоғарыда атаған «Нұра» командасының қос

● ЖАҢА КІТАП

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әлемдік әдебиет жауһарын Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, белгілі қаламгер Сүйіндік Жанысбай тәржімалады. Кітап тұсаукесері Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап кітапханасында өтіп, 200 да намен басылып шыққан кітап жұртшылыққа тегін таратылып, оқырманына жол тартты.

Кітаптың тұсаукесеріне ардагер журналист, телевизия тарланы Әли Тойжигіт, облыстық тілдерді оқыту орталығының басшысы Алмагүл Игенова қатысып, Б.Бейсенов атындағы академия, Ж.Бектұров, М.Әуезов, Н.Гоголь атындағы кітапханалар өкілдеріне бес кітаптан тарту етті.

Өз кезегінде Әли Тойжигіт шараға қатысушыларды кітап мерекесімен құттықтап, казак сатирасының көрнекті өкілі Көпен Әмірбектің бақилық болуына байланысты бір минут үнсіздікпен еске алуды құп көрді.

Жаһан классиктерінің шаһкар туындылары қазақ тіліне кейінгі кезде сәтті аударылуы. Идеологиялық тұрғыдан да ұтымды қадам. Бұл қоғамның әдебиетке деген қызығушылығын байқатады.

18+ деген белгісі мөрленген су жана кітаптың баяндары көп. «Өкіл әке»

Ақ қарда көкпар тартысып

палуаны Дамир Қали мен Рүстем Болатовтың шеберлігі осы тұста айқындала түсті. Қарсылас «Қарқаралы» командасының Жанай Төкенов палуанының ептілігін қосыңыз. Көлденең жатқан көк серке алаңда емес, осы үш палуанның тақымында көп жүрді ме дерсің. Алаңдағы серкені көтеріп алып, жер қазандыққа қарай ұмтылғанда кейбір аттарды қарсылас команда ойыншылары қағып құлатып та жатыр. Кейбір аттылы көк айна мұзда тайып өзі құлауда. Алайда, алаңда тыным, серкеде дамыл жоқ. Жан-жақтан жанкүйерлер дауысы дөбелесі қозған көкпаршыларды одан



сайын рухтандырып, арқа беруде.

– Бұл көкпар басқа көкпардан бөлек өтті. Ауа райының тудырған қолайсыздығы мен көктайпақтан адам түгіл ат аяғын әзер алып жүрер күнде арқалық палуандардың санасында тек салым ғана болды. Міне, нағыз патриотизм, міне – қайсарлық. Көкпаршылардың аты сүрініп, тайып, омақаса құлағанын бірнеше мәрте көрдім. Қарап тұрып «қайта шаппасы анық» деп ойлап тұрсақ, жоқ, тұра сала ер басы-

на ілінер-ілінбес қайта мініп, төреші нұсқауын күтіп тұра қалады. Бұл не деген беттілік?! Арқа өңірі таң қалдырды. Кенесарыдай бабаның аруағы риза шығар, – деді сонау Алматыдан ат терлетіп келген, жылқы шаруашылығын ғылыми негізде зерттеген кәсіпкер-ғалым, экономика ғылымының кандидаты, қазақ-неміс «Қымыз» ғылыми-зерттеу институтының директоры Айтуған Мұқашев.

Ақыры ақтық сында «Нұра» командасының мерейі үстем болды. 7-2 есебімен «Қарқаралы» командасынан басым түсті. Қарағандылық «Тұран

елі» командасы ІІІ орынның 500 мың теңге ақшалай сыйын еншіледі. Ептілігі һәм беттілігінің арқасында «Қарқаралы» командасы ІІ орын алып, 700 мың теңгені қанжығалады. Ал, І орын тұғырында «Нұра» командасының ақ туы желбіреді. Сондай-ақ, «Нұра» командасының 12 ойыншысына бірдей көкпардан спорт шеберлігіне үміткер атағы берілді. Бұл – команданың қоржынындағы 1 млн. теңге жүлде қорынан бөлек сый еді.

Пьюзоның «Өкіл әкесі» қазақша сөйледі



бестселлері зорлық пен мейірімділік текетіресі, мафияның құпия қағидаттары нақында сөз етеді. Романда бас кейіпкер Вито Корлеоне құмар ойындарға, сыбайлас жемқорлыққа негізделген бизнесті басқарады. Бірақ отбасы мен достарына – мейірібан, жомарт, қара қылды қақ жарған әділетті жан. Шығарма желісінде оны ет жақындары мен серіктері әспеттеп, «Өкіл әке» «Дон Корлеоне» деп лақап ат қояды.

Сауал-жауап түрінде өткен тұсаукесер барысында көнігі аудармашы, ақпарат саласының ардагері Сүйіндік

Жұмабайұлы туындыны аудару кезіндегі жайттарымен бөлісті. Бұған дейін автор беларусь, марий, чуваш, татар, алтай жазушыларының туындыларын тәржімалапты. «Өкіл әкені» аудару барысына қаламгер екі ай уақытын жұмсаған екен.

– Жақсы кітапты оқып, өз тіліме түсіре отырып, жаңа дос тапқандай қуандым, – дейді, – сөз иесі.

Жоба ұйымдастырушыларының хабарлауынша, алдағы уақытта Гарри Грейдің «Бір кездері Америкада» туындысы төл тілімізге аударылмақ.

● БОКС

Жәнібек жарады

Сенбінің таңында Лас-Вегаста (АҚШ, Невада штаты) қазақстандық боксшы Жәнібек Әлімханұлы (13-0, 8 KO) WBO нұсқасы бойынша орта салмақтағы әлем чемпионы атағын қорғады. Қарсыласы ұлыбританиялық Дензел Бентлимен (17-2-1, 14 KO) 12 раунд жұдырықтасып, төрешілер шешімімен кездесу отандасымыздың пайдасына шешілді.



Ұлыбританиялық қарсылас – осал емес. Шетелдік бокс мамандары «қазақстандық боксшыны жеңуге қауқары бар» деп тұжырым жасаған. Мамандар айтса айтқандай-ақ, ұлыбританиялық боксшы шаршы алаңда лайықты өнер көрсете білді.

Қос боксшы арасындағы жекпе-жек тартысты өтті. Бір-біріне дүркін-дүркін соққы жасағанымен, кездесуді мерзімінен бұрын аяқтай алмады. Нәтижесінде, төрешілер 116-112, 116-112, 118-110 есебімен бір ауыздан жеңісті қазақстандық боксшыға берді. Кездесу туралы Жәнібек Әлімханұлы:

– Маған қолдау көрсеткен барша жанкүйеріме алғысым шексіз! Бұл – бокс. Рингке шыққан боксшылардың осалы болмайды. Қарсыласым да керемет дайындықпен шыққан. Оған құрметпен қараймын. Бірақ, одан басым болдым. Бұл – менің 12 раундқа созылған алғашқы жекпе-жегім. Чемпиондардың алдында осындай 12 раундтық жекпе-жектер керек. Әлі көп жұмыс жасауым керек. Қателіктерді қайталамау үшін еңбектенемін, – деді жекпе-жекпен кейінгі сұхбатында.

● ХОККЕЙ

«Сарыарқа» ерлеп тұр

«Сарыарқа» хоккей клубы ел чемпионатының кезекті турында павлодарлық «Ертіс» клубын 9:2 есебімен жеңді.

Алғашқы айналымда жерлестер қарсылас қақпасына 2 шайба салды. 4-ші минутта – Андрей Лагунгов, 8-ші минутта – Захар Пархоменко есеп ашты.

26-шы минутта «ертістігі» шабуылшы есеп айырмасын қысқартты. Гол авторы – Диас Атаханов. Алайда, жерлестер араға 3 минут салып, қарсылас қақпасына үшінші шайбаны тоғытты. Гол авторы – Руслан Демин. 36-шы минутта қонақтар сапынан Рузаль Галеев есеп ашты. Бірақ, жерлестер араға 2 минут салып қарымта гол салды. Гол авторы – Денис Федоров. Есеп – 4-2.

Үшінші айналымда жерлестер қарсылас қақпасына 5 гол салып, павлодарлықтарға еш мүмкіндік қалдырмады. 41-ші минутта – Иван Захарчук, 45-ші минутта Руслан Демингол салып, қос голдың авторы атанды. Одан кейін, Александр Борисевич, Эдгард Сиксна, Дмитрий Исмаилов қарсылас қақпасынан саңылау тауып, айласын асырды.

Қарағандылық «Сарыарқа» ел чемпионатының турнир кестесінде 43 ұпаймен көш бастап тұр. «Ертіс» 19 ұпаймен – ІХ орында.

● ҮСТЕЛ ТЕННИСІ

Алтынға бергісіз қола

Қарағандылық Алан Құрманғалиев Словакияда өткен WTT Youth Contender Senec 2022 халықаралық үстел теннисі турнирінің қола жүлдегері атанды.

Отандасымыз 19 жасқа дейінгі жас санатында өнер көрсетті. Ол қола жүлде үшін Пуэрто-Рико спортшысы Джамидиль Торресті, Польша өкілі Михал Вандаховичті, Чехия теннисшісі Степан Брхельді, мексикалық Рохелио Кастро мен Германия өкілі Андре Бертельсмайерді жеңіп, алтынға бергісіз қола жүлдені иеленді.

Дайындаған
Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Біздің сайт: www.ortalyq.kz

Таралымы 6 230

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com

ortalyk.kaz@mail.ru

Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ:
«Saryarqa aqaratq» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директор **Қайрат ӘБИЛДА**
Директордың орынбасары –
«Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы
Оксана МЯГКИХ
Директордың орынбасары
Гүлмира ЖҰМАДИЛДИНОВА
Бас редактор
Ерсін МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Назым ДҮТБАЙ
Интернет-редакция редакторы
Ілияс МҰҚАЙ
Жауапты хатшы
Қасымхан ҒАЛЫМ

Телефондар:
Бас редактордың қабылдау бөлмесі: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-57-76
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Экономика бөлімі: 43-31-77
Саясат және құқық бөлімі: 43-30-88
Білім, ақпарат және спорт бөлімі: 43-49-72
Әлеумет бөлімі: 43-49-72
Мәдениет, руханият, әдебиет бөлімі: 43-22-92
Интернет редакция бөлімі: 43-31-77

Жарнама, факс: 43-21-55; бухгалтерия: 43-49-74;
Компьютер орталығы: 43-58-08.
Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Сараң, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

- Редакция 3 компьютерлік беттен асатын көлемдегі қолжазбаларды қарамайды.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Суреттер интернеттен, редакция архивінен алынды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген.
- Қолжазба мен фотосуреттер қайтарылмайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 күнәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

